II. Этапы игры. В процессе игры игроки последовательно движутся по этапам, решая различные задания (активные, логические, поисковые, творческие и пр.). Прохождение каждого этапа позволяет команде игроков перейти на следующий этап. Выполнив одно задание, дети получают подсказку к выполнению следующего, что является эффективным средством повышения двигательной активности и мотивационной готовности к познанию и исследованию. Также в ходе выполнения заданий дети получают бонусы.

III. Заключительная часть. Механизмом стимулирования рефлексии могут быть вопросы для беседы: «Что нового узнали?», «Что было интересно?», «Что вас удивило?», «Что было трудно?», «Все ли у вас получилось так, как хотелось?».

Воспитатель ориентируется на 4 вида рефлексии для оценки мероприятия:

- 1) **коммуникационная** - обмен мнениями и новой информацией между детьми и педагогами;
- 2) **информационная** - приобретение детьми нового знания;
- 3) **мотивационная** - побуждение детей и родителей к дальнейшему расширению информационного поля;
- 4) **оценочная** - соотнесение новой информации и уже имеющихся у детей знаний, высказывание собственного отношения, оценка

процесса.

Для того чтобы эффективно организовать квесты в дошкольных организациях, следует придерживаться определенных принципов и условий:

- все игры и задания должны быть безопасными;
- задачи, поставленные перед детьми, должны соответствовать возрасту участников и их индивидуальным особенностям;
- ни при каких обстоятельствах нельзя унижать достоинство ребенка;
- в ходе игры чередовать разные виды деятельности, так как однообразные задания утомляют и у детей пропадает интерес к достижению цели;
- задания должны быть последовательными, логически взаимосвязанными;
- дети должны четко представлять цель игры, к которой они стремятся (например, спасти доброго персонажа от злого);

- игра должна быть эмоционально окрашена с помощью декораций, музыкального сопровождения, костюмов, инвентаря;

Основными критериями качества квеста выступают его безопасность для участников, оригинальность, логичность, целостность, подчиненность определенному сюжету, а не только теме, создание атмосферы игрового



пространства.

ВЫВОД: в процессе внедрения в практику технологии квест-игр в дошкольных организациях:

- воспитатели проявляют искреннюю заинтересованность в достижениях детей;
- создается атмосфера эмоционального подъема и раскрепощенности;
- активное взаимодействие в процессе групповой работы: умению слушать, распределять работу, оказывать помощь, обмениваться информацией и усилиями и др.;
- в детях развивается уверенность в себе и своих сверстниках;
- окончательные выводы дети делают самостоятельно.





Сүлейменова Жарқын Күзембайқызы
 № 60 «Арай» балабақшасының меңгерушісі
 Астана қаласы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Мектепке дейінгі ұйым (бұдан әрі – МДҰ) – барлық білім беру жүйесінің бірінші баспалдағы. Ал осы ұйымның жүйелі әрі заман талабына сай жұмыс істеуі басшыға байланысты. Осы орайда тәжірибемдегі МДҰ басқарудың тиімді жолдарын ұсынғым келеді.

Кез келген басшы басқарудың, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс істеуі мен дамуына ықпал ететін тиімді жолдарын іздейді. Шығармашылық ізденіс ең алдымен негізгі құжаттарды қолға алудан басталатыны белгілі. Осы мақсатта нормативтік құқықтық құжаттарды ескеру керек. Оның бастысы – әрине «Білім туралы» Заң болса, онан кейінгі орындағы маңыздысы – ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітіліп, 04.07.2017 жылы өзгерістер және толықтырулармен қайта жаңартылған «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары». Бұл құжат әрбір МДҰ басшысында болуы тиіс. Соның ішіндегі екі пункт әр МДҰ басшысының жұмыс үстелінде болғаны абзал.

Білім беру жүйесі заман талабына, қоғамның сұранысына сай үнемі өзгеріп, дамып отыруды

қажет етеді. Демек, инновациялық менеджмент әрдайым бізбен бірге болуы керек. Нақтырақ тоқтала кетсек, инновациялық менеджмент – ұстанымдар, әдістер және басқару формалары, осы қызметті жүзеге асыратын ұйымдық құрылымдар мен қызметкерлерді басқару жолдарының жиынтығы. Өзге барлық саладағы басқару сияқты мектепке дейінгі ұйымға басшылық етуге де нақты мақсат қоя білу және стратегияны таңдау, жоспарлау, қызметтер мен ұйымдарды анықтау, орындау, жетекшілік қажет. Жаңашыл мектепке дейінгі ұйымда инновациялық менеджмент келесі тармақтарды болуын талап етеді:

- Инновациялық қызметтердің жоспары мен бағдарламасын әзірлеу;
- Инновациялық өнімдерді әзірлеу барысы мен оны енгізуді бақылау;
- Барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіретін бірыңғай инновациялық саясатты жүргізу;
- Инновациялық жобаларды материалдық және қаржылық жағынан қамтамасыз ету;
- Инновацияларды жүзеге асыратын қызметкерлерді басқару;

- Инновациялық мәселелерді кешенді шешуге арналған мақсатты топ құру.

МДҰ-да инновациялық менеджменттің үлгісі төмендегідей болуы мүмкін:

1. Инновациялық жобаларды жүзеге асыратын әдістемелік бағдарламаны әзірлеу: МДҰ дамытуға арналған бағдарлама, бизнес-жоспар, білім беру бағдарламасы, жылдық жоспар.

2. Арнайы білім берудің жаңа формаларын енгізу: уақытша логопункт, логопедиялық топтары.

3. МДҰ тәрбиеленушілеріне қосымша тегін білім беру және сауықтыру қызметтерінің желісін құру: үйірмелер, студиялар, секциялар, т.б.

4. МДҰ келмейтін балаларға арналған білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту: ақылы білім беру қызметтері, жас балаларға арналған қысқа мерзімді топтар (бейімдеу, түзету және дамыту), жоғары сынып оқушыларына арналған мектепке дейінгі білім беру тобы.

5. Ата-анамен жұмыстың жаңаша жолдары.

6. Инновациялық қызметтердің ғылыми-әдістемелік өнімдері – әдістемелік құралдар шығару, сайттар мен желілерге орналастыру, онлайн конференциялар, форум, педкеңестер мен семинарларға қатысу.

7. Білім беру үдерісін информатизациялау: МДҰ ресми сайты ашу, жобалық-зерттеу қызметтеріне арналған медиа-білім берудің мүмкіндігін пайдалану, интернет-ресурстармен жұмыс.

Ал нақты міндеттерден бөлек кез келген басшының өз бағыты, ұстанымы және әдісі болады. Басқару бойынша шығармашылық ізденіс нәтижесі финдік авторлар Тимо Санталайнен мен Э. Воутилайненнің «Нәтижелер бойынша басқару» атты еңбегінде көрсетілген ережелерді қолданған қолайлы екеніне көз жеткізді.

Аталған еңбекте былай дейді: «Дәстүрлі жолдармен басқаратын меңгеруші «Жасалды» деп айтады, ал нәтижемен жұмыс істейтін басшы «Нәтижесінде» деп сөйлейді.

...Басқару ондағы қызметті, ортаны, адамдарды басқару болсын, үлкен ойды қажет

етеді. Ұйым жұмысының тетігі саналатын адамдарды басқару олардың жұмысындағы ең жоғары жетістікке жетуге деген ынта-ықыласын білдіреді».

Сондай-ақ осы еңбекте басшының нәтижесі төмендегі көрсетілген әрекеттерге байланысты екені айтылады:

- Тұлғалық қасиеттері;
- Басшы ретіндегі жұмыс өтілі;
- Басқару бойынша білімі;
- Басшы болуға деген құлшынысы.

Бұдан бөлек жақсы басшыда төмендегі қасиеттер болу керектігі көрсетілген:

- Кең ой-өріс;
- Жағдайды сезіну;
- Жұмысқа деген шығармашылық қарым-қатынасы;
- Өзгеріске дайындық;
- Серіктестікке ұмтылысы;
- Нәтижені алдын ала көре білуі;
- Тәуекел ете алу қабілеті;
- Дұрыс мансапқорлық;
- Көре білу және маңыздысын белгілеу;
- Дербес әрекет ете алу қабілеті;
- Уәкілдікті өзіне қабылай алуы;
- Жоспарды орындау өнері.

«Нәтижелер бойынша басқару» тұжырымында ойша болсын күндік жоспар құруды ұсынады. Оны келесідей мысалмен құруға болатынын көрсетеді:

МДҰ – өзінің формасы, мазмұны мен құрылымы бойынша білім берудің күрделі тәрбие ортасы. Мұндай қоғамдық, білім беру ұйымын басқару ғылымының зерделенген қағидаттары мен нақтылы ережелері негізінде жүзеге асырылуы тиіс. МДҰ басшысының жан-жақты қызметін талдай келе, оның мынадай негізгі бағыттарын бөліп қарауға болады:

- әлеуметтік-саяси;
- педагогикалық процесті тікелей басқару;
- әкімшілік-шаруашылық.

Жоғарыда аталған басым бағыттардың ішіндегі ең маңыздысы – әлеуметтік-саяси жағы. Бұл қарапайым тілмен айтқанда ұжымды, көшті бастау деген мағынаны береді. Ұйымның жетістігі ұжымның жұмысына тікелей



байланысты. Ал ұжымның жұмысын реттеп, бақылап, жүйелеп отыру – басшының міндеті. МДҰ басқару – мектепке дейінгі жастағы балаларға сапалы тәрбие берудің ең жоғары нәтижелеріне жету үшін педагогикалық ұжымға (ал ол арқылы тәрбие-білім беру үдерісіне) мақсатты түрде ықпал ету. Ұжымды басқаруда бірнеше қажетті әдістер мен қасиеттер бар. Солардың маңыздыларын төменде атап өтейік.

Ынталандыру – табысты басқарудың тиімді және кең тараған жолы. Бұл кез келген адамға, әсіресе әрдайым адамдармен, оның ішінде ең таза, періштедей жаны пәк әрі нәзік әлем саналатын балалармен жұмыс істейтін педагогтар үшін қажетті әдістің бірі. Ынталандыру қызметкерлерге шабыт сыйлайды, салмақты да жауапты жұмысқа мотивация береді, болашақта жоспарларды жоғары деңгейде қолға алуға түрткі болады.

Көмек пен қолдау. Тәрбиеші еңбегі, сөзсіз, көп адамдардың ауыртпалығын жеңілдетеді, алайда олардың өздері де біреудің олардың ауыртпалығын жеңілдетуіне мұқтаж. Балабақшада ата-аналарға, тәрбиешілерге, басшыға, балаларға кім және қалай көмек пен қолдау көрсете алады? Ата-аналар немен көмектесе алады: іс-шараны ұйымдастырумен, жөндеуге қатысумен, бала туралы толық

ақпаратпен. Тәрбиешілер ата-аналарға қалай көмектесе алады: семинарларды ұйымдастырумен, баланың ерекшеліктері туралы ақпаратпен, тәрбие мен білім беру жөніндегі ұсынымдармен. Тәрбиешілер басшыға немен көмектеседі: өздігінен шешім қабылдап, оны іске асырумен; балалар туралы, топта туындаған проблемалар туралы ақпарат ұсынумен; балабақша қызметін оңтайландыру бойынша дер кезінде идеялар ұсынумен. Педагогикалық ұжымның табыстары сондай-ақ басшының барлық қызметкерлердің бір-бірін жақсы тануына мүмкіндік беретін бірлескен қызметін ұйымдастыру қабілетіне, қоғамдық қызмет пен балалармен жұмыста тәрбиешілерге тактикалық көмек көрсетуге байланысты.

Басшы тәрбиешілерге:

- топтағы, әріптестерімен, балалармен, ата-аналармен проблемалар туралы тәрбиешілердің айтқандарына дер кезінде үн қату;
- түрлі мамандарды шақыру;
- тәрбиешілерді мадақтау және конструктивті сынау;
- тәрбиешілерге сенім білдіру, олардың кәсібилігін мойындау;
- тәрбиешілердің жетілуіне мүмкіндік беру арқылы көмектесе алады.

Әдептілік. Ұжымда жағымды жағдай жасауда,

көңілді қалыптастыруда басшының жоғары мәдениетін, тәрбиелілігін көрсететін әдептілік сияқты қасиетінің үлкен мәні бар. Әдептілік те, ризашылық сияқты, – басқарудың өте нәзік те маңызды компоненті, ол:

- туындаған проблеманы тыңдай білу және талқылай білуді;

- қажет жағдайда іс-шара өткізуге көмек беруді;

- әріптестерінің табысты әрекеттерін мақұлдауды;

- құпиялылықты сақтауды. Әріптестер, балалар, отбасы туралы ақпарат таратылмайды; тек оған мұндай ақпаратты жасыру баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар жатпайды;

- сыпайылықты көздейді. Әріптестерінің, ата-аналарының, балалардың көзінше ескерту жасауға, дауыс көтеруге жол берілмейді; мақтауды және мадақтауды әрдайым жұрттың көзінше істеу керек, ал бетіне басу

- жекеше түрде.

Қызметкерлерді мадақтау жүйесіне мыналарды енгізуге болады:

- басшы мен әріптестерінің қолдауы (әр адамның өзіндік ынтасы бар, алайда барлық тәрбиешілер сәтті өткізілген шараның, ата-аналармен және балалармен кәсіби жұмыстың мақұлдануын күтеді);

- ата-аналар мен балалардың алғысы;

- кәсіби жетістіктерін ашық мойындау және әріптестерінің құрмет көрсетуі.

Ұжымның үлкен-кішісі болмайды, оны басқаруда басшы үнемі өзін тәрбиелеумен айналу керек. Өйткені ол – ең алдымен үлгі болатын және көшті бастайтын лауазым иесі. Бұл тұрғыда психологиядағы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі басқарудың барынша кең тараған әдістерін қолдануға болады:

- еске салу әдісі. Өзінің кемшілігін білетін басшы, ол туралы өзіне үнемі ескертіп отырады. Кейде жазбаша да болады. Мысалы, стол үстіне «Өзіңді өзің ұстай біл!», «Ызаланба!», «Ақылыңды ашуыңа жеңдірме!» деген ескертпелер жазылған қағазды қоюға болады.

- «шұғыл тоқта» әдісі. Қатты қызып, мәселе ушыға бастағанда, басшы өзіне: «Жоқ, бұдан

ары олай етуге болмайды! Өзіңді басқаша ұста, мұнан да нәзік тәсіл тап!» деп ескерте білу тиіс. Бұл тасқынды тоқтатып, өзіне, адамдарға, орын алған жағдайға басқаша қарауға мәжбүрлейді.

- өзін-өзі ұстау әдісі. Өткір, өзекті жағдайларда басшы өзін «арадағы араздықты одан ары өршіту» жақсылыққа апармайтынына сендіре бастайды. Өзін-өзі ұстау қиын, соққыға соққымен жауап бергің келеді, дегенмен ол өзін саналы түрде басады, жағдайдан басқа істерге көңіл бөлу, басқа жерде шерін тарқату және т. б. арқылы алшақтайды.

- әрекетке дейінгі түсініктеме әдісі. Түсініктеме екі жақтың өткір сезімтал қарым-қатынастардың себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы балабақшаны басқару – мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қоя білудің, тәрбие жұмысында қол жеткізген деңгейді зерделеу мен терең талдаудан, озат тәжірибені анықтау, тарату мен тәрбиешілерді балалармен жұмысқа дайындауда педагогика ғылымдарының жетістіктерін қолданудан тұратын ұтымды жоспарлау жүйесінің, балаларды сабақ үстінде және күнделікті өмірде оқыту мен тәрбиелеудің үйлесімді бірлігін жүзеге асыру, тиімді басқару және орындалуын жүйелі тексеру нәтижесінде қалыптасатын күрделі үдеріс. Осы бір салмақты да жауапты қызметте әріптестерге шығармашылық табыс тілеймін!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ



Рахымжанов Қайыржан Алдашевұлы

ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы
Ақпараттық-талдау бөлімінің аға сарапшысы

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІСТЕР

Қазіргі уақытта мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы жылдам өзгеріп жатқан әлемнің талабы екені баршаға түсінікті. Жаһандану дәуірінің талабына сәйкес, бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Себебі, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Білім алушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

Еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу және т.б. білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруді көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың әрбір мұғалімінің күнделікті

ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа көшу қажеттілігі туындайды. Сондықтан да қазіргі кезде әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әртүрлі тәжірибелер жөнінде мәліметтерді жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, балабақшадағы оқу-тәрбие жүйесі, тәрбиеші-бала арасындағы қарым-қатынас оқытуды ұйымдастыру талапқа сәйкес елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Өскелең ұрпаққа қоғам талабына сәйкес тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі күні білім берудің мазмұны жаңарып, білім беру ұйымдары кезең-кезеңімен жаңартылған мазмұнды білімге көшіп, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде еңбектеніп жүрген ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ендеше, білім беру мазмұнын

жаңарту – заман талабы.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басының дамуын қамтамасыз етуші, сапалы білім мен саналы тәрбие өнегесін дарытушы, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұмтылдырушы тұлға – білім беру ұйымының тәрбиешісі. Жас ұрпақ тәрбиесінде тәрбиеші білімді, әдістемелік тұрғыдан жетілген, білімі, білігі мен дағдылары қалыптасқан, рухани-адамгершілік құндылықтарын меңгерген тұлға болуымен қатар, әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс, әсіресе осы кәсіби біліктілік дағдыларын шыңдау олардың тәжірибе жинақтауының ең басты негізі болып табылады.

Білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі – білім беру процесін құзыретті тәсілге бағдарлау. Білім мазмұны мен оны жүзеге асыру жолдарындағы жоғары сипатқа ие, өзгерістердің жалпы бағыты мен оны іске

асыру жолдарын қамтамасыз ететін маңызды міндеттер:

- педагогтарды білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор) сәйкесінше игеруден тұратын құзыретті тәсілдері аясындағы жұмыстарға даярлау;

- педагогтарды баланың және өзінің денсаулығын сақтау технологиясымен қамтамасыз ету;

- білім беру үдерісін барынша дараландыру жағдайындағы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру.

Жаңартылған мазмұндағы оқу материалдарын іске асыру барысында мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін оқу материалдарын дайындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады. Ол - оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда тәжірибеде бар білімнің жаңғыртылуының қосымша бөлігі болып табылады. Сондықтан

да, бүгінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының алдында балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу мақсаты тұр.

Білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі ұстанымдар және тәсілдер қарастырылуы қажет. Тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналар мен баланың тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсілдер, тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құруды мақсат етеді. Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Тәрбие мазмұнын іске асыру жас ерекшелігі психологиясы мен мектепке дейінгі педагогика және білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты. Бала оқи отырып таниды, тани отырып не білгені туралы айтады, зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді. Осылай білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін – компетентті тұлға яғни қоршаған ортаға бейімделген жаңа тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сәйкес өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім мен ғылым саласында

инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы екені сөзсіз.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдар дәстүрлі білім беу жүйесінен бірте-бірте арылып, баланың қызығушылығын дамытатын, танымын кеңейтетін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды жолға қойған жөн. Сол себепті, жаңа жүйеге негізделген мектепке дейінгі ұйымдарда дәстүрлі сабақтар қолданылмайды, әртүрлі ойындар түріндегі дайындықтар кеңінен көрініс тапқан, олар барынша балалардың белсенділігін арттырады.

Еліміздің білім беру жүйесінде қолданылып жүрген ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиялары және т.б. оқу-тәрбие жұмысын нәтижеге бағдарлауға ықпал етеді. Осыған байланысты, жекелеген педагогикалық технологияларға жан-жақты тоқталып өтуді жөн санадым.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын қызметінен оқу қызметіне біртіндеп өтуге дайындауды басты мақсат етеді. Бұл, бүгінгі мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің мектепте оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге кеңінен жол ашатыны сөзсіз. Ойын технологиясы баланың бойындағы білімділік, танымдық шығармашылық қасиеттерді аша түсуді көздейді. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерінде қалыптастыра түседі.

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына қызықтыратындай мәселе

тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен даму технологиясы – бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады.

Сол себепті, балабақшаларда кеңінен таралған педагогикалық технологияларды қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтің міндеті.

Бала – біздің болашағымыз. Ендеше, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.К.Төлеубекова, Ф.Н.Жұмабекова «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары».

2. З.А.Калижанова, Г.О.Хасенова «Қазақстан Республикасындағы жаңартылған білім жүйесі негізінде мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу – оқыту үрдістері»

3. К.М. Самандарова «Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде педагогикалық технологияларды қолдану»

*Алгазиева Райкүл*

№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі

Қызылорда облысы

Қазалы ауданы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕ ӨЛЕҢ-ТАҚПАҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Әрбір ұлттың байлығы мен беделі оның құндылықтарымен өлшенеді. Ал ұлтымыздың құндылықтарын дәріптеуді мектепке дейінгі тәрбиеден бастау – білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі.

Шетелдің, дәлірек айтқанда, Еуропа елдерінің жаңалықтары мен жетістіктерін алуға бейім тұратын біздей дамушы елдер үшін ұлттық құндылықтарды дәріптеуге Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы үлкен серпін берді. Бұдан бөлек ескере кететін жайт, аталған мемлекеттік бағдарламадан бұрын бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартында осы саланың негізгі мақсаты – жалпыұлттық құндылықтарды меңгерген тұлға тәрбиелеу екендігі айқын көрсетілген. Міне, осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының дамуына үлес қосып жүрген маман ретінде ұлттық құндылықтарды балабақшадағы балаларға дәріптеудің жас ерекшелігіне сай жолдарын жүйелі түрде қарастырып отыруды қолға алдық.

Қазақ халқы – дана халық, ата-бабамыздан қалған бай мұралардың барлығы балаларды тәрбиелеуге, дамытуға, жетілдіруге

бағытталған. Солардың бірі – өлең-тақпақтар. Өлең-тақпақтар – халқымыздың ежелден келе жатқан фольклордың бір маңызды жанры. Балаларға кезінде жыр жаттатып, аңыз айтып бергенін білеміз, сондықтан өлең-тақпақтар осы күнгі бала тәрбиесіндегі тәжірибемізден де тыс қалмау керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиеле мен дамытуда олардың тілін дамыту ең маңызды мақсаттарды бірі саналады. Осы орайда өлең-тақпақтар тәрбиешілерге және жоғарыда аталған мақсатта еңбек ететін өзге де мектепке дейінгі ұйым мамандарына тиімді тәсіл болары сөзсіз. Балалар әдебиетін зерттеп жүрген кәсіби әдебиеттанушылардың сөзіне сенсек, балаларға арналған шығармалар, оның ішінде өлеңдер жетіспейді. Балалар ересектерге арналған шығармаларды айтады, сахнаға алып шығады. Балалармен жұмыс істеп жүрген маман ретінде бұл мәселеленің біз үшін де өзектілігі зор екенін қоса кеткім келеді. Біздегі тақпақтардың көбі – Кеңес үкіметінің кезіндегі ақын-жазушылардың еңбегі, ал олардың мазмұны бүгінгі балалардың танымы мен қызығушылығын қанағаттандыра бермейтіні белгілі.

Алайда аз-аздан болса да балаларға арналған



жаңа заманға сай, қызықты өлең-тақпақтар жазып жүрген ақындар баршылық. Мәселен, Серікбол Хасанның өлеңдері көңілге қонымды, тілі жатық, балаларға жаттап алуға оңай тиетін, мазмұны шығармалар. Ата-бабамыздың имандылық әліппесінде ерекше орын алар жеті шелпекті дәріптеген өлеңі балалардың жаттап алуына қажет тамаша тақпақ.

Жеті шелпек
Жұма күні ақ маман,
Жеті шелпек пісірді.
Енді тыным жоқ маған,
Бәрін маған ұсынды.

Жеті шелпек қолымда,
Көршілерге асықтым.
Міндетімді орындап,
Мерейімді тасыттым.

Қанаттанып есейдім,
Болдым нағыз қолқанат,
Келдім үйге жеті үйдің,
Ақ тілегін арқалап.

Балаларға арналған өлең-тақпақтардың жаңаша, қызықты үлгілерін жинақтап алуға балаларға арналған бұқаралық ақпарат құралдары көп көмектеседі. Оның басында 90 жылға жуық тарихы бар «Ұлан» газеті тұр және «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», «Балалар әлемі» секілді журналдар бар. Балаларға арналған басылымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтарының көмекші құралына айналуы тиіс, өйткені онда тек балаларға арнап шығармалар жазып жүрген ақын-жазушылармен танысып қана қоймай, шығармашылыққа ерте бастан келген талантты балалардың тамаша туындыларын тәжірибеде қолдануға болады. Балаларға өз замандастарының еңбектерін, белсенділігін, шығармашылық ынта-ықыласын көрсетуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде балаларға балабақшадан бастап шығармашылықпен айналысудың жолдарын таныстыруға жәрдемдеседі.

Тәрбиеші – шығармашыл тұлға. Ол бала үшін бәрін білетін адам, барлығы қолынан келетін жан, және оны әрдайым алға жетелеуші. Сондықтан да тәрбиешінің әмбебап болмауға мүмкіндігі жоқ. Балалармен жұмыс істегенді жаны қалайтын кез



келген тәрбиеші көз алдындағы өзі тәрбиелеп отырған бала үшін барын салатыны сөзсіз. Сан жылдардағы тәжірибе әрбір тәрбиешіні жан-жақты жетілдіреді. Тәрбиеші – сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамның бір мүшесі ретінде ішкі сұранысын, талабын, қалауын білетін бірден бір адам. Өз жұмыс тәрбиесінде тәрбиеленушілерімнің сонда ішкі сұранысын қанағаттандыратын өлең-тақпақтарды табу қиынға соққан кездер болды. Сондай шығармашылығымға сүйеніп, балаларға арналған балғын тақпақтарды шығаруды ойға алдым. Тәжірибе алмасу мақсатында оларды өзге де әріптестеріммен бөліскім келеді.

Бауырсақ

Анам менің пісірген,
Қызыл томпақ бауырсақ.
Шықпай қояр түсіңнен,
Біраз жемей сағынсақ.

Тағамдар

Құрт пенен майы,
Бал қаймақ, шайы,
Шұбат пен қымызы,
Қазы мен шұжығы,
Дастархан – береке,
Біздерге мереке.





Киіз үй
Бұрышы жоқ аппақ үй,
Керегемен тартқан үй,
Шаңырақтан күлімдеп
Шуақ түсіп жатқан үй.

Ата-бабам өскен үй,
Әжем тұсау кескен үй.
Ағам туып, ер жетіп,
Аппақ жеңгем түскен үй.

Талқан
Ауылдан әжем келеді,
Немересі – керегі.
Диірменін қолға алып
Талқан жасап береді.

Асықтар
Сары, қоңыр асықтар,
Және аппақ асық бар.
Шашылғанда шапшаң боп
Қарсыластан озып қал.

Бұл өлең-тақпақтар тәжірибе барысында туындаған. Олар буына қатаймаған, әлі танымын кеңейтуді қажет ететін кіншкентай балдырған үшін ұлттық құндылықтардай кең, ауқымды әрі салмақты тақырыптарды жасына сай түсінуіне, қабылдауына көмектеседі. Жоғарыда атап өткендей, тәрбиеші жан-жақты тұлған, ол – психолог, ол – концертмейстер, ол – сценарист, ол – ертекші. Сондықтан өзімдей әріптестердің әрбірі қаласа балаларға арналған кез келген тақырыпқа мазмұнды, жас ерекшелігін ескерген,



жаттауға жеңіл тақпақтарды тудыра алады деген сенімдемін. Осы жолда барлық әріптестеріме сәттілік тілеймін!

АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС



ВРЕМЯ РОДИТЕЛЕЙ



Асанова Карашан Камидуллаевна

Заведующая детским садом

«Балбулак» № 68

города Астаны

ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА В ПРОЦЕССЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ДОО И СЕМЬИ

Ранний возраст является самоценным возрастным этапом развития ребенка. Его не нужно рассматривать как подготовку к детскому саду. Это настоящий, яркий, неповторимый отрезок жизни человека.

Особенным во всех отношениях оказывается третий год жизни человека. У малыша идет интенсивное физическое и психическое развитие, интерес к окружающему в раннем возрасте является произвольным. Заставить ребенка смотреть или слушать невозможно, его можно только заинтересовать. Поэтому в развитии детей в раннем возрасте ведущая роль принадлежит взрослому (родителям и воспитателям детского сада).

Взаимосвязь детского сада и семьи – необходимое условие успешного воспитания ребенка дошкольного возраста. Взаимодействие ДО с семьей является социализирующим фактором, совмещающим функции образовательной, культурной, социальной сфер организации детской жизни.

Проблема взаимодействия ДО и семьи в последнее время попала в разряд самых актуальных. Изменившаяся современная семья (финансовое и социальное расслоение, обилие новейших информационных технологий, более

широкие возможности получения образования) заставляет искать новые формы взаимодействия. Семья и дошкольная организация, имея свои особые функции, не могут заменить друг друга, и установление контакта между ними необходимо.

Вовлечение родителей в единое пространство детского развития в дошкольной образовательной организации решается через повышение их педагогической культуры. Педагогическая культура – это компонент общей культуры человека, в котором находит отражение накопленный предыдущими поколениями и непрерывно обогащающийся опыт воспитания детей в семье. От уровня педагогической культуры родителей зависит успешность и результативность домашнего воспитания детей.

Все это требует целенаправленной работы, где главной функцией воспитателя является формирование педагогической культуры родителей. Эта задача подтверждается и на нормативно-правовом уровне: ГОСО направлен на достижение цели «обеспечения психолого-педагогической поддержки семьи и повышения компетентности родителей (законных представителей) в вопросах развития и образования, охраны и укрепления здоровья детей»



Современная ситуация образования ставит педагога в принципиально новые условия, которым присущи отсутствие строгой регламентации педагогической деятельности, существенное расширение информационного поля, развитие индивидуальности педагога, готовность к принятию решений, мобильность применения профессиональных качеств. Эти условия указывают на переосмысление и модернизацию традиционных форм взаимодействия с родителями.

В работе с родителями в нашем детском саду особенно активно используем разнообразные формы, как традиционные, так и нетрадиционные.

Для повышения педагогической культуры родителей в процессе взаимодействия с детским садом мы разрабатываем долгосрочные проекты, например «Неразлучные друзья – взрослые и дети».

Чтобы добиться большей результативности, необходима разработка и внедрение системы работы для активного включения родителей в жизнь детского сада, что и явилось целью проекта.

Были поставлены следующие задачи:

создать условия для активного и успешного сотрудничества детей, педагогов и родителей;
корректировать поведение родителей с помощью обогащения воспитательных умений;
реализовать единый подход к воспитанию и

обучению детей в семье и детском саду.

Первый этап проекта называется «Будем знакомы!». На этом этапе происходит сбор, анализ информации о разработке модели партнерского взаимодействия ДО с родителями воспитанников (для этого нами были составлены анкеты для родителей); Взаимодействие воспитателей и родителей начинаются в нашей группе в начале июня, именно тогда мы готовим группу для пребывания детей в детском саду. Мы предлагаем помочь нам в этой работе, причем просим прийти их, вместе с детьми. Это позволяет нам познакомиться, что очень важно для детей, так как первого сентября они войдут в знакомое помещение и к знакомым педагогам. В группах раннего возраста тяжелее всего проходит период адаптации, связанного с тем, что детей приводят из семьи в чужое помещение к незнакомым людям. Поэтому в нашу первую встречу с родителями, мы предлагаем им заполнить анкету о своих детях, примерно следующего содержания, чтобы мы могли бы лучше узнать и понять вашего малыша:

- ФИО родителя
- ФИО малыша и обязательно, как ребенка называют дома
- Аппетит и вкусовые пристрастия ребенка
- Какой сон у ребенка, требует ли он к себе повышенного внимания в период засыпания.
- Может ли сам себя занять (умеет ли самостоятельно играть)



- Легко ли идет на контакт с детьми и взрослыми

- Как переносит разлуку с родителями
- Особенности и привычки малыша
- Какие трудности испытывают сами родители в процессе воспитания ребенка дома.

Познакомившись с анкетами, мы многое узнаем о наших воспитанниках: об их навыках в самообслуживании, об игре, об их отношениях со сверстниками и взрослыми.

В нашей группе, в «информационном уголке для родителей» мы помещаем памятку для родителей: «Что нужно знать родителям об особенностях поведения детей 2-3 лет», а также информацию

- о режиме дня в детском саду и дома,
- о совместной деятельности детей и педагогов,
- о предстоящих мероприятиях.

В течении года эта информация пополняется новыми рекомендациями и обучающим материалом. Также происходит изучение теории и практики использования новых форм взаимодействия с родителями в соответствии с требованиями ГОСО; анализ воспитательного процесса с точки зрения современных требований; формирование «Почты доверия» для выявления актуальных вопросов, волнующих родителей, по воспитанию детей; подбор методической литературы по взаимодействию с родителями.

На втором этапе «Мы вместе!» начинается непосредственно само сотрудничество. Организация партнерского взаимодействия ДО с родительской общественностью; педагогический мониторинг, позволяющий выявить возможности участия каждого родителя в педагогическом процессе ДОУ; информационно-просветительская поддержка родителей (в том числе, лекции узких специалистов ДО.); совместная деятельность детей и родителей в соответствии с разработанной системой работы, позволяющей вовлекать родителей в процесс воспитания детей согласно задачам учреждения, применяя различные принципы, методы и формы.

Так, например, мы знакомим родителей с жизнью д/сада и их ребенка через родительские собрания, уголки, информационные стенды и консультации, проводим устные консультации, беседы с показом видеозаписей и фотографий.

Большим успехом пользуются такие формы работы, как совместные проекты, выставки детских работ, изготовленных вместе с родителями. Родители участвуют в подготовке и проведении праздников, досугов.

Постоянное проведение разнообразных конкурсов и выставок позволяют укрепить взаимодействие д/сада с семьями воспитанников.

В современных условиях д/сада трудно обойтись без поддержки родителей. Именно поэтому многое у нас в группе сделано руками



пап и мам наших детей (например, родители украшали стены в группе).

Доверительные отношения устанавливаются постепенно в совместной деятельности родителей с воспитателем. На сегодняшний день можно сказать, что у нас сложилась определенная система в работе с родителями. Использование разнообразных форм работы дало определенные результаты: родители из «зрителей» и «наблюдателей» стали активными участниками встреч и помощниками воспитателя, создана атмосфера взаимоуважения.

Целью заключительного этапа являлось определение результативности внедрения моделей социального партнерства ДО с родителями воспитанников; анкетирование по удовлетворенности работой ДОО родителей; определение эффективности работы педагогического коллектива в рамках внедрения

моделей социального партнерства ДО с родителями.

Мониторинг родительской удовлетворенности после выпуска из ясельной группы показал высокий результат проведенной работы.

Таким образом, использование разнообразных форм работы с семьями воспитанников детского сада даёт положительные результаты: изменился характер взаимодействия педагогов с родителями, многие из них стали активными участниками всех дел детского сада и незаменимыми помощниками воспитателей. Всей своей работой сотрудники ДО доказывают родителям, что их вовлечение в педагогическую деятельность, заинтересованное участие в воспитательно-образовательном процессе важно не потому, что этого хочет воспитатель, а потому, что это необходимо для развития их собственного ребенка.



Балюк Оксана Сергеевна

Методист КГКП «Ясли-сад «Березка» пос. Шахан,
Карагандинской области

ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ КОНСУЛЬТАТИВНОГО ПУНКТА «ШКОЛА МОЛОДЫХ РОДИТЕЛЕЙ»

Невзирая на огромное количество существующих на сегодняшний день пособий по вопросам развития детей дошкольного возраста, родители не могут ориентироваться в большом информационном потоке. По этой причине молодые родители нуждаются в консультативной, просветительской помощи педагогов дошкольных организаций. Поэтому на педагогическом совете было принято решение сформировать в детском саду консультативный пункт «Школа молодых родителей» для родителей детей, посещающих детский сад.

Целью консультативного пункта «Школа молодых родителей» является: обеспечение целостности и преемственности семейного и общественного воспитания, предоставление психолого-педагогической помощи родителям, поддержка всестороннего развития личности детей, посещающих детский сад.

Основными задачами консультативного пункта являются:

- формировать позитивную психологическую среду общения между детьми, родителями и

педагогами;

- оказать многостороннюю поддержку родителям (законным представителям) и детям в обеспечении равных стартовых способностей при поступлении в детский сад;

- оказать консультативную поддержку родителям согласно разным проблемам воспитания, обучения и развития ребенка;

- активизировать и обогащать педагогические знания и умения родителей;

- повышать правовую культуру родителей для формирования сознательного отношения к воспитанию детей;

- повышать психолого-педагогическую культуру родителей;

- обобщать опыт семейного воспитания.

С целью реализации работы консультативного пункта были разработаны и подготовлены следующие документы:

□ приказ об открытии консультативного пункта «Школа молодых родителей»;

□ положение о консультативном пункте «Школа молодых родителей»;

□ план деятельности консультативного



пункта «Школа молодых родителей»;

- заявления и договоры с родителями (законными представителями);

- журнал учета выполненной работы; книга отзыва о работе консультативного пункта «Школа молодых родителей».

В консультативном пункте родители (законные представители) получают бесплатную квалифицированную помощь опытных педагогов-специалистов: педагога – психолога, логопеда, медицинского работника и др.

Педагог - психолог:

- консультирует родителей по проблемам адаптации к условиям детского сада, организует и проводит занятия с детьми и родителями с целью более простого перехода к общественному воспитанию.

- проводит индивидуальную психологическую диагностику, обследование ребенка с целью определения динамики его психического развития, уровня готовности к школьному обучению и познавательной деятельности.

Логопед:

- оказывает консультативную помощь родителям с целью профилактики речевых нарушений, обучает применять

специализированные способы и приемы по профилактике и коррекции нарушений звукопроизношения.

Медицинский работник:

- оказывает поддержку семье в сохранении, укреплении физического и психологического здоровья ребенка.

- консультирует родителей по правильной организации питания детей.

Консультативный пункт «Школа молодых родителей» осуществляет помощь родителям (законным представителям) по следующим направлениям:

оздоровительная;
просветительская;
консультационная;

Формы взаимодействия с родителями:

- групповое консультирование родителей;
- подгрупповое консультирование родителей;

- индивидуальное консультирование родителей;

- подготовка советов, рекомендаций для родителей по организации занятий, игр с ребенком на дому;

- мастер – класс (демонстрация и обучение родителей простым артикуляционным



упражнениям);

- обеспечение родителей необходимым справочным материалом по тематике заявленной проблемы;

- проведение других мероприятий для родителей (законных представителей) по педагогическому просвещению в вопросах ухода, обучения и воспитания детей дошкольного возраста.

Хорошо зарекомендовали себя разнообразные практикумы, мастер-классы, педагогические гостиные, устные педагогические журналы и др.

Педагогические работники оказывают содействие родителям по вопросам развития ребенка с учетом возрастных особенностей. Многие родители завышают требования к своему ребенку, ориентируясь на ранее развитие. Другие же родители склонны считать ребенка маленьким и несмышленым. Данный подход также приносит негативные плоды.

Интересуют родителей и применение инновационных технологий в воспитании и обучении детей, вопросы построения правильных взаимоотношений, организация досуга и многое другое.

В консультативном пункте родители

получают компетентные ответы на свои вопросы, корректируют свое воспитательское воздействие на своих детей.

За время работы «Школы молодого родителя» посетило наши занятия большое количество молодых родителей. Все родители положительно отзываются о работе консультативного пункта.

Аббазова Ю. М.: «Я посетила несколько заседаний «Школы молодых родителей», одна из них мне запомнилась особенно – «Значение развития общей моторики». На этой встрече воспитатели Данибекова Светлана Александровна и Антропова Любовь Ивановна не только рассказали для чего надо развивать общую моторику, но и провели с нами упражнения на практике. Эти упражнения мы стали включать в нашу утреннюю гимнастику. На этой встрече я получила не только знания, но и хорошую мотивацию, в то, что мы (моя семья и детский сад) делаем одно общее дело, заботимся о здоровье наших детей».

Зинатулина Н.В.: «Я оказалась в полном восторге от темы заседания «Влияние пальчиковой гимнастики на умственное развитие ребенка!» (руководитель: Татьяна Евгеньевна). Удивило то, как сложные развивающие задачи можно реализовать через



игру и, наши дети выполняли их с легкостью и огромным желанием. Конечно, некоторые упражнения были непростые, и над ними нужно потрудиться, но мы все так старались! И еще удивило разнообразие упражнений с пальчиками. И, самое главное, мы видели, как «загорелись» у нас глазки, и мне захотелось продолжить заниматься со своими детьми дома. Огромное спасибо!».

Сагдиева М.А.: «Чтобы мой ребенок вырос всесторонне развитым человеком, нужно раскрыть в нем его возможности, показать окружающий мир, какой он и какой он может быть, что мы можем сделать своими руками, чтобы мир стал лучше, красивее, ярче. Два человека могут посмотреть на одну и ту же вещь по-разному, и для одного она будет интересна и являться полем для творчества, для другого – серым предметом. Консультативный пункт «Школа молодых родителей» - это то место, где я могу научиться сама и помочь «раскрыться» своему сыну».

Таким образом, функционирование «Школа молодых родителей», оказывает существенную помощь родителям, в вопросах воспитания и развития детей в условиях дошкольной организации.





НЫСАНА



ОБЪЕКТИВ



Әйтен Анаргүл Саматқызы

Ғабит Мүсірепов атындағы «Астана»
бөбекжайының педагог-психологы
СҚО

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ОЙЫНДАР

Мектеп жасына дейінгі шақ – бала тәрбиесіндегі ең маңызды кезең. Сондай-ақ ата-ана мен осы жастағы балаларды тәрбиелеумен айналысатын ересектерге баланың қалауын түсінуіне жәрдемдеседі. Сондықтан бала эмоциясын шығаруға дағдыландырудың маңызы зор. Қазіргі психо-педогогикалық теорияда баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана байланысты емес, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне де, әсіресе ата-ана тәрбиесінің ықпалына байланысты деп тұжырымдалған. Тәрбиеші мен ата-ананың психологиялық сауаттылығы осы орайда маңыздылығын арттырады. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балалар ерекше қарым-қатынастарды талап етеді. Олар мейірімді, жаны нәзік, өте сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, жараламай, байыппен тәрбиелеу өте маңызды.

Ерте жас шамасындағы сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтынын ұмытпау керек. Сәбидің эмоционалды көңіл-

күйі саласын анықтауда психодиагностикалық зерттеулердің маңызы жоғары. Бірақ бұл әдістердің барлығын пайдалану мүмкіндігі бола бермейді.

Мектепке дейінгі жастағы бала айналасындағы ересектерге, яғни ата-аналары мен ұстаздарға тәуелді. Келеңсіз жағдайлар, жүріс-тұрыс, әлеуметтік және эмоционалдық мәселелер зардаптары баланың болашағына тікелей әсерін тигізеді.

Эмоционалды компоненттің функциялары – адамның бағалы құндылықтарының ең маңызды шарттары.

Психологтар эмоция парасатының 5 тармағын ерекшелейді:

1. Сезім, яғни ол пайда болатындай сезімді ажырату (өзін-өзі тану);

2. Берілген шеңберлерден шықпау үшін сезіммен қарап анықтайтын эмоциялармен басқару;

3. Эмоцияларды бақылау қабілетін қалыптастыру, өзін тыныштық күйіне келтіру;

4. Өзара арақатынастарды сүйемелдеу;

5. Жас ерекшелікке байланысты мінездемелер:



мектеп жасына дейінгі кіші балалар ертегі кейіпкерлеріне еліктейді және қиыншылықта бөлісуге ниет етеді.

Ренжу, қуану, тынышталу, қорқу сезімдері 3-5 жаста негізгі эмоцияларына жатады. Құрдастарына құштарлық сезімі дамиды, қалжыңдасу сезімі оянады, әзілдеуді ұнатады және түсінеді, өз эмоцияларын баяулатып, кез келген ым арқылы және ымдап сөйлесу эмоциялардың сыртқы белгілерін білдіреді. Негізгі эмоцияларға қайғы, ашу, қорқыныш, таңдану, қызығушылық, тыныштық, қуаныш сезімдері жатады.

Балалар 5-6 жаста мектепке баратын уақыттың жақындауын сезінеді: біреулерінде үрей сезімдері, ал екіншісінде қуаныш сезімдері пайда болады. Бұл кезеңдегі негізгі эмоцияларға қорқыныш, ашу, ыза, қайғы, таңдану, мүдде, тыныштық, ар, жазалау, қуаныш, күндеушілік, жиіркенушілік сезімдері жатады.

Мектеп жасына дейінгі баланың эмоциялық дамуында (театр) сахналаудың әсері өте зор. Эмоциялар бір жағынан бала көңіл-күйінің көрсеткіші, екіншіден оның танымдық процесстері және мінез-құлық, логикаға, қоршаған ортаны қабылдауға ықпал етеді.

Балабақша – бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу – ата-

аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата-анасы. Ал ең әдемі де жарық үй – оның туған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында баланың көзінше қолайсыз жағдайларды тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына ықпал етеді. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, әдептілікке баулуға тиіс.

Жоғарыда атап кеткен эмоцияның даму сатыларына қол жеткізу үшін, бала тәрбиесінде балабақша ұжымы ата-ана мен оның отбасы мүшелерімен тығыз жұмыс жасау нәтижесінде ғана жоғары жетістікке қол жеткізе алады. Оған балабақша психологы кәсіби тұрғыда кеңес бере отырып, ата-ананың психологиялық, педагогикалық сауатын толықтырып отыруы шарт. Мектепке дейінгі ұйым психологы қызметін атқару барысындағы тәжірибеме сүйене отырып, ата-аналармен бала эмоциясын дамытуға байланысты жүргізілген жұмыстың түрлеріне тоқтала кетсем:



□ Эмоцияны дамытуға арналған ойындарды ата-аналар жиналысында үнемі өткізіп отыру;

□ Ата-аналардан бала тәрбиесіне байланысты сауалнама, тест жүргізу;

□ Ата-аналарға ауызша, жазбаша кеңестер беру;

□ Эмоцияны дамытуға арналған ойындар жинағын жасау, ләпбук әзірлеу.

«Эмоциялар» ойыны баланың эмоционалдық әлемін дамытуға бағытталады. Ойын барысында бала эмоцияның негізгі түрлерін ажырата алуға, графикалық сурет арқылы эмоцияның түрін көрсетуге үйренеді. Ойынның басында мақсатты түрде барлық ергежейлілердің суреттерін қарап шығу ұсынылады. Ал барысында қиындық туындамас үшін баламен әр суреттің эмоциялық көңіл-күйін бағалап шығу қажет.

Қажетті құрал-жабдықтар:

□ Ергежейлілердің әр түрлі эмоциядағы суреті бар 6 карточка: қуану, ренжу, ашу, қорқу, таңғалу, кінәлау;

□ 6 пиктограмма бөлігіне бөлінген 10 карточка;

□ Әртүрлі түстегі фишка жинағы – 60 дана;

□ Сызбасы бар текше;

□ Бос шеңберлері бар карточка жинағы.

Ойынға 2-ден 10-ға дейін бала қатыса алады. Ойын 4-7 жасар балаларға арналған.

Ойынның барысы: балаларға пиктограмма карточкасы суреті мен түрлі-түсті фишка жинағы

таратылып беріледі. Жүргізуші балаларға ергежейлінің суретін көрсеткен кезде, балалар пиктограммада көрсетілген ергежейлінің эмоциясына сай келетін суретті фишкамен жабуы тиіс. Тағы бір түрінде балаларға пиктограмма карточка суреті мен түрлі-түсті фишка жинағы таратылып беріледі. Үстел үстіне балалардың алдына ергежейлілердің бейнеленген суреттері қойылады. Карточкалар аударылған күйде болуы тиіс. Жүргізуші балалардың біреуіне кез келген суретті қалған балаларға көрсетпей алуын сұрайды. Суретті алған бала сол эмоцияны көрсетеді, ал қалған балалар ол қандай эмоция екенін тауып, фишкамен пиктограммадағы суретті жабуы керек.

Осы ойынды әр бағытта түрлендіре беруге болады. Соның бірінде балаларға пиктограмма карточкасы суреті мен түрлі-түсті фишка жинағы таратылады. Жүргізуші балаларға кезекпен текшені лақтыруға ұсыныс береді. Текшені лақтырған бала оған түскен эмоцияны атайды, ал қалған балалар өздерінің карточкасындағы эмоцияны жабады. Егер ойынға 6 адам қатысады. Әр балаға бір-бір ергежейлінің суретін алып шығуға тапсырма беріледі. Балалар кезекпен алып шыққан эмоциясын бет-әлпетінде бейнелейді, ал қалған балалар оны фишкамен пиктограммдан тауып алып жабады. Кім көп эмоция тапса, сол жеңіске жетеді.

Бұдан бөлек эмоцияны бейнелеуге арналған қысқа ойындарды да тәжірибеге енгізуге



болады. Бұл ойындардың мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа, адамдардың жан дүниесін, қалауын, көңіл-күйін бақылауға үйрету. «Шаршау» ойыны: Асан күні бойы бақшада әжесіне көмектесті. Олар ағашты түптеп, суарды. Барлық жұмыстарды жасап болған соң, Асан өзінің қатты шаршағанын сезді (басын, иығын түсіріп, қолдарын босатып, еңкейю). «Тұзды шай» ойыны: Таң атты. Анасы Аружанды оятты. Ол ас үйге ұйқысын ашар-ашпастан келсе, анасы шай құйып қойған екен. Қант салуға қолын созған Аружан байқаусызда тұз салып, шайын араластыра бастады. Енді бір кезде шайын ішсе, өте дәмсіз, тұздың ащы дәмін сезді (басын артқа тартып, көзін қысыңқы етіп, қасын қосу). «Ашулы ата» ойыны: Асқар ауылға атасына қонаққа келді. Ол атасынан сұранып қыдыруға кеткен еді. Атасы оған ауладан ұзап ешқайда баруға болмайтынын ескерткен болатын. Асқар болса ойынның қызуымен ауладан шығып кеткен екен. Атасы Асқардың қылығына ашуланды (қабағын түю). «Ойлану» ойыны: қыздар орманда саңырауқұлақпен жидек теріп жүргенде адасып кетті. Олар қай жолмен үйге баратынын білмеді (қолдарын алдына бірінің үстіне бірін қойып, игіне қолын сүйеп ойлану). «Бұлттар» ойыны: балалар жағажайда жатып аспандағы көшкен бұлттардың неге

ұқсайтынын айтып, «Бұлттар неге ұқсайды?» ойынын ойнап жатыр. «Досыммен кездесу» ойыны: Таир мен Алишер жыл сайын ауылдағы әжелеріне баратын. Олар дос болатын, үнемі бірге ойнайтын. Балалар бір қалада тұратын, бірақ ешқашан кездеспеген. Жаз бітіп жатқан кезде олардың көңіл-күйі түсіп, жыл бойына қоштасуға бірін-бірі қымайтын. Қыстың бір күнінде Таир автобус аялдамасынан Алишерді көріп, өте қатты қуанды (күлімдеу, қол созу). «Кінәлі» ойыны: Айзере құмыраны сындырап алып, өзін кінәлі кезінді. (басын төмен түсіріп, иығын тартып көтеріп, қабағын түю).

Эмоцияны сыртқа шығару – бала бойындағы агрессияны жеңудің және алдын алудың тиімді жолы. Балалар барлық қалауын, көңіл-күйін, ашу-ызасын байқай білуі керек, сонымен қатар, мұнан да маңыздысы өзіндегі эмоциялық өзгерістерді ерікті түрде шығара алуы қажет. Бұл оған айналасындағы адамдармен, құрдастарымен, сондай-ақ ата-анасымен қарым-қатынас жағдайын реттеуге жәрдемдеседі. Ал бұл ретте психолог-педагогтарға жоғарыда тәжірибеден бөліскендей, балаларға эмоцияларды түсініп, қабылдап әрі шығаруға үйретуде психо-дидактикалық ойындардың тиімділігі зор.



Жетесова Ақнұр Көптілеуқызы

«Күнікей» балабақшасының тәрбиешісі
Қызылорда облысы

СОЛАҚАЙ БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ

Коғамдық көзқарастар өркениеттің дамуымен бірге әрдайым өзгеріп отырады. Сондай біржақты пікірдің бірі – солақайлықты ақауға жатқызу. Алайда ғалымдардың еңбегі мен зерттеулері көрсеткендей, бұл көзқарасқа нүкте қойылып, солақайлардың оңайлардан еш айырмашылығы жоқ, ақыл-ой дамуында кешеуілдеуі болмайтын, қалыпты жайт екені дәлелденді. Өз тәжірибемізден байқағандай, бүгінде көзі ашық, сауатты ата-аналардың өзі солақай балаларын оң қолға күштеп үйретудің қажет еместігін айтады, алдын ала ерекшелігін педагогқа ескертіп, өтінішін білдіріп жатады. Демек, баланың қалауында ғана емес, ата-ананың да талабында бар болғандықтан солақайларды ерекшелігін ескере отырып, барлық баламен тең деңгейде мектепке дайындауға міндеттіміз.

Солақайлық – ең алдымен табиғи құбылыс, осыны ескеруіміз керек. Мұнан өзге де себептерінің бірі – тұқымқуалаушылық. Яғни, ата-бабасының бірінде кездессе, ұрпағына беріледі деген тұжырымдар бар. Сонымен қатар, мидың сол жақ жарты шары өзгеше жұмыс істеді деген ғалымдардың түсінігі де бар. Ежелгі Рим мен Жапонияда кездескен теріс

көзқарастар ағылшын ғалымы Крис Макманус «Оң және сол қол» кітабы, орыс қаламгері Николай Лесковтың «Солақай», т.б. шығармалар солақайларға деген қоғамдық көзқарастарға оң өзгеріс алып келді. Аристотель, Жанна д'Арк, Наполеон, Джордж Буш, Билл Клинтон, Барак Обама, Билл Гейтс секілді тұлғалардың солақайлығы ғылыми зерттеулердің нақты дәлеліне айналды. Бұл біздің қазақ қоғамын да айналып өтпеді, халқымыздың дәулескер домбырашысы, күйші Нұрғиса Тілендиевтің сол қолмен домбыра тартатынын бәріміз білеміз. Сондай-ақ, еліміздің алғашқы музыкатанушысы Ахмет Жұбанов, суретші Гүлфайруз Исмаилова, чемпионымыз Серік Сәпиев солақай екен. Бұл қатарды әрі қарай толықтыра беруге болады. Ал солақай балаларды анықтау, олармен жұмыс жүргізу, дамыту және ең маңыздысы мектепке дайындау – тәрбиешінің жауапкершілігіндегі іс.

Солақайлықты анықтау

Солақай баланы анықтаудың бірнеше жолдары бар. Солардың алғашқысы – ата-ананың айтуы. Көп ата-аналар балаларын ерте жастан-ақ жазу-сызуға бейімдейді, бұдан бөлек баланың қаламға ұмтылу – қалыпты инстинкт. Алдымен ата-ананың өзі баласындағы осы бір



ерекшелікті байқайды және оны тәрбиешіге жеткізеді. Сондай-ақ ке балалар ересек немесе мектепке даярлық топтарда ауысып келеді. Балалардың балабақшада II-ші сәбилер тобынан бастап қалам, қылқалам, ортаңғы топтан бастап қайшы ұстап үйрететінін ескерсек, әлбетте жаңа тәрбиешіге таныс болмағанымен, ата-анаға белгілі жағдай. Сондықтан көбінде тәрбиеші ата-анадан біледі.

Солақайларды анықтаудың тағы бір жолы – оқыту үдерісінен бөлек күнделікті дағдыларды меңгеру әрекетінен байқау. Мәселен, киімді түймелеуді немесе аяқ киімінің сыдырмасын ашуды үйретіп жатқанда, бала оң қолынан гөрі сол қолын ала жүгіреді. Тәрбиеші түймені, сыдырмақты оң қолына ұстатып кетсе де қайтадан сол қолына алып алады. Сонымен қатар, сол қолы епті келеді. Оны барлық ересектің ойындағы қасықты сол қолына алғанынан ғана емес, баланың әрбір әрекетінен байқауға болады, мәселен: қол жуғыштың су ағызатын тетігін басқанда, допты лақтырғанда, екі иықты сөмкені арқасына ілгенде, қол бұлғағанда, ұсынған затты алғанда – бәрінде сол қолы автоматты төрде бірінші бастайды, ептілік танытады.

Тәжірибе барысында солақайлармен жұмыс түрлері:

Саусақпен сурет салу – тәжірибеде ең жақсы

нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берген тиімді әдіс. Қалам, қылқалам, кейін қаламсап ұстап үретуден бұрын немесе үйрету кезінде жасалатын жұмыс. Егер баланың саусақ моторикасы жақсы дамыса, кез келген дағдыны оңай игеріп кетеді. Саусақпен сурет салуда субояқты қолданған жөн. Ол тез жуылады және балаға ерекше көңіл-күй сыйлайды. Жұмыс барысында тек сұқ саусақпен емес, бас бармақпен де, ең епсіз, нәзік саусақ саналатын шылдыр шүмекпен де сурет салғызған жөн.

Қол моторикасын дамытуда бала үшін ең қызықтысы – ермексазбен жұмыс. Қарындашпен қағаз бетін белгілі бір пішіндерді немесе баланың өзі салған суретті ермексазды жаю арқылы «бояу». Ермексазды әбден жұмсартып, оны қағаз бетіне жағу арқылы жұмыс істеу, кейде қосымша түстерді негізгі түстерді араластырып алу баланың баланың икемді сол қолын онан сайын дамыта түседі.

Балалардың қол моторикасын дамытудағы тиімді әдістердің бірі – ұсақ дәндермен жұмыс. Бұл барлық саусақтардың бір мезетте белсенді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Солақай балалардың сол қолын дамытуда осы әдісті қолдануға болады. Балаға сол қолымен дыстағы дәндерді уыстап алып, екінші бір ыдысқа бір-бірлеп салуды тапсыру қажет. Осы тапсырманы уысындағы дәндері таусылғанша аяқтауын мұқият қадағалау керек. Бұл қаламсапты

ұстауға қажетті үш саусақтың белсенділігі мен ептілігін арттырады. Осыдан соң дәндердің бірнеше түрінің ішінен бір түрін алып, бөлек бір ыдысқа салу керек. Жоғарыдағы әдісті бұлайша түрлендіру баланың зейінін тұрақтандырып, барлық саусақтарының жұмысын жетілдіреді.

Қыстырғышпен жұмыс – баланың ұсақ қол моторикасын ғана емес, ақыл-ойын, сенсорикалық қабілетін дамытады. Балаға қарапайым кір қыстырғыштарды өзімен түстес пішіндерге қыстыруды тапсыру қажет. Бұл баланың пішіндерді ғана емес, сонымен бірге түстерді ажыратуға үйретеді. Осы жұмысты әрі қарай дамытуға болады: жануарлардың жіпке өткізілген суреттеріне олардың төлдерін қоса қыстыру қажет.

Даярлық топтағы солақайларда кездесетін қиындықтар мен оларды жеңу жолдары

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру саласының ең басты мақсаты және осы сала мамандарының негізгі міндеті – балаларды сапалы мектепке дайындау. Дәл осы маңызды мақсат пен жауапты міндет балалардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, мінез-құлық ерекшеліктеріне қарамастан жүзеге асырылуға тиіс. Жоғарыда солақай балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға аранғалған жаттығулар мен әдістер тізбеген келтірдік, бұл ең алдымен жазуға үйретудің алғышарты. Өйткені жазу – баланы мектепке дайындаудың ең маңызды әрекеттердің бірі.

Солақай балаларға әріптерді жазуды үйретуде негізгі әдістеме мен жазу техникасы сол қалпында қалады, тек тәрбиеші әріптерді ауада немесе қаламсаппен жазып көрсеткенде сол қолымен көрсетуі керек. Бала әріпті қай элементінен бастап және қалай жазылатынын үйренеді. Сонымен бірге тәрбиеші баланың қолына қаламсапты ұстатып, әріпті бірге жазып үйреткенде де сол қолымен ұстап көрсету керек. Сондықтан солақай тәрбиеленушілері бар педагогтардың өзі ұйымдастырылған оқу қызметіне жауапкершілікпен қарап, сол қолмен жазуды немесе сурет салу кезеңдерін алдын ала көрсетуге дайындалғаны дұрыс.

Әріптерді толық әрі жақсы меңгеріп кетуі үшін солақай балаларға ермексазбен таңбалауды тапсыру керек. Баланың өзіне ермексазды жұмсартып, оны жіңішке таяқшадай болғанша


шиыршықтауға, сонан соң барып сол қолымен әрбір элементін анық көрсетіп тақтайша бетінде жазуын қадағалау қажет. Бұл балалардың әрбір әріпті және жазылу техникасын үренуге, сонымен қатар қағаз бетінде қиындықсыз бағдарлауға көмектеседі.

Солақай балалар жазуда ғана емес, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруда да кедергілерді кезіктіріп жатады. Соның бірі – цифрларды жиі шатастыру және теріс жазу. Олар көбіне ал цифрын «Ә» әрпі секілді немесе «3», «5» цифрлырын керісінше қарай жазып қояды. Себебі тәрбиеші де, оған қоса электронды әліппелер мен дамытушы мультфильмдердегі кейіпкерлер де оң қолмен жазып көрсетеді. Ал бала қалай көрсетті, тура солай қайталайды. Сондықтан солақай балаға сандық қатардағы бір ғана цифр – «6»-ның оң жаққа, ал қалған барлығының сол жаққа қарап жазылатынын түсіндіру керек. Бұл – солақай балаларға әр цифрдың қалай жазылатынын егжей-тегжей көрсетіп, болмаса әр қателігін түзеп отырғаннан әлдеқайда тиімді жол.

Солақай балаларды өзге балалардан ерекшелеудің, айрықша көңіл бөліп қараудың қажеті жоқ. Барлық балалармен бірдей, тең дәрежеде ортаға, қоғамға лайықты бейімдеп, мектепке сапалы дайындауды мақсат еткен жөн. Жоғарыдағы жазылған тәжірибедегі әдіс-тәсілдер солақай балалармен жұмыста және оларды мектепке дайындауда жақсы нәтижеге қол жеткізуге жәрдемдесті. Солақай тәрбиеленушілері бар әріптестердің кедергілерді жеңіп, жұмыста жетістікке жетулеріне тілектеспін!



БАЛА-МЕДИА



МЕДИА-РЕБЕНОК



Жидебаева Ақжайық Сабырбекқызы
«Бегім ана» балабақшасының тәрбиешісі
Қызылорда облысы

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

XXI ғасыр – білім-ғылым мен технологияның ғасыры. Білім алу және білім беру – әрдайым дамуды талап ететін үздіксіз үдеріс. Ал технология көз алдымызда қарқынды даму үстінде. Қазіргі таңда еліміз дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында ұрпағымыз бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған болуымен бірге технологияны жетік меңгерген, өздігінен білім алып, оны қажет кезінде қолдана алатын жағдайға жетуі маңызды екені мәлім.

Осы орайда білім беру стандартын сапалы жүзеге асыру, білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу жолдары қарастырылып келеді. Соның бірі ретінде өз тәжірибемде гаджет құралдарын білім беру үрдісіне енгізуге ерекше көңіл бөліп келемін. Гаджет (ағылшын тілінде gadget құрылғы, құрал деген мағына береді) – арнайы әрі шектеулі тапсырмалар орындайтын және кішігірім өлшемдермен ерекшеленетін құрылғы. Гаджет ыңғайлы және ақылды дизайнымен, түрлі функционаларымен қолданысты жеңілдететін, әлемдік қауымдастықта қолжетімді, ең тиімді байланыс құралы болып отырғаны белгілі. Бұл

құрылғылардың мүмкіндіктері күннен күнге жетіліп келеді, сонымен қатар, заманауи білім берудің сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Жаңа технологияның жетістіктерін, оның ішінде гаджет құралдары туралы сөз болғанда арнайы мамандар да, ата-аналар да тек олардың балаларға тигізетін зияны туралы айтады. Алайда бұлардың бәрі адам өмірін жеңілдету үшін, адамзатқа қызмет көрсету мақсатында жасалған. Сондықтан балаларға оларды ойлап табу тарихын, себебін түсіндіріп, қолданудың жолдарын көрсету керек. Ата-аналар мен педагогтар, бала тәрбиесімен айналысып отырған барлық ересектер балаларға гаджеттерді танымдылық бағытта пайдалану керектігін үйрету керек. Сонда ғана балалар болашақта жаңа технологияны өмірде пайдаланудың мәнін түсінеді.

Күнделікті оқу үдерісін бірқалыпты ұйымдастырмай, түрлендіріп, балаларды қызықтырып отыруға планшеттер, фотоаппарат, смартфондар, ноутбук, диктофон, mp3 плеерлер секілді гаджет құралдарын пайдалану тәжірибесі жақсы нәтиже береді. Әсіресе бұл құралдар ересектер түгілі әр нәрсені білуге ұмтылып тұратын балалардың өзі байқай



бермейтін қоршаған әлемдегі қайталанатын құбылыстардың ғажайып сәттерін қалт жібермей, мұқият қарап, зерттеуге көмектеседі. Мәселен, жыл мезгіліне сай өсімдіктердің өсу үрдісін, заңдылықтарға сәйкес өзгеріп отыруын, жан-жануарлар мен құстардың әрекетін, қимылын, жыл мен маусымдардың және күн мен түннің ауысуын, айдың жаңаруын, қыста жауған қардың қалыңдығы мен қасиетін зерттеуге мүмкіндік береді. Әрдайым қайталанып отыратын құбылыстар оған күтпеген жерден жаңа, толық мағынасында, басқаша қырынан көрінуі мүмкін және солай болуы тиіс. Бұл міндетті түрде мектеп жасына дейінгі баланың тануға деген қызығушылығын арттырады. Осыдан-ақ гаджет құралдарын пайдаланудың ең маңызды мақсаты тәрбиеші мен бала арасындағы бірлескен танымдық қызмет нәтижесіне қол жеткізу екенін білуге болады. Сонымен қатар, мұндай құралдарды қолдану – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қауіпсіз эмоциялық фон құруға, білім беруді дамытуға ықпал ететін тиімді тәсілдердің бірі. Жаңа технология құралдарын қолданудың педагогикалық мәні – тәрбиеленушілердің өз бетінше білім алуға мүмкіндіктерін жетілдіру арқылы өзін-өзі бағалауға, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі

қарай не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік бере отырып, баланың негізгі жеке қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасайтынында.

Балабақшадағы балалармен фотоаппаратпен жұмыс жасау бағытын 3 түрлі сатыға бөліп қарастыруға болады. Алғашқы саты. Педагог балалар жасаған фоторепортаждың сипатын салыстырады, тәрбиеленушілердің жалпы бағытын анықтайды және қызығушылығы бойынша тақырыптарға бөледі: «Жануарлар әлемі», «Өлі табиғат әлемі», «Адам қолымен жасалған әлем», «Әлеуметтік әлем» және т.б. Ортаңғы саты. Фотоаппарат арқылы бала ұзақ немесе қысқа мерзімді бақылау жүргізеді. Мысалы, күз мезгілінде балабақша ауласындағы ағаш жапырақтарының өзгерісін күнделікті фотосуретке түсіре отырып, оларды салыстыруға мүмкіндік алады. Ағаш жапырақтарының күз басындағы, ортасындағы, аяғындағы өзгерістерін анықтап салыстырады. Соңғы саты. Педагогтың фотосуреттер бойынша балалармен танымдық әңгіме жүргізуі: «Сен нені суретке түсірдің?», «Неге тек оны суретке түсірдің?», «Бұл фотосурет сенде қалай болып шықты?», «Бұл құбылыс туралы сен тағы да не айта аласың?». Мұндай әңгімелесу балалардың танымдығын, іздемпаздығын, сұрақтарды терең талдау қабілеттерін, өз ойын еркін жеткізе білу



қабілетін, шығармашылық ой-өрісін дамытады.

«Қайталау – білім анасы» деген қанатты сөз бар, бүгінгі таңда осы бір сөзді өз тәжірибемде «қайталау – өз қателіктеріңді жөндеудің тиімді тәсілі» деп қолданар едім. Бұл тиімді тәсілді жүзеге асыруда жаңа технология жетістіктерінің бірі саналатын диктофонның пайдасы мол. Диктофонды қолдану балаларға өз-өзін жетілдіруге, өз-өзін қабылдай алуға, дағдыларын дамытуға, қателіктерін өз бетімен тауып, оларды түзете білуге көмектеседі. Мәселен, көркем әдебиет, тіл дамыту ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалардың әңгімелерін, мазмұндаған сәттерін диктофонға түсіріп алып, мүмкіндік болған кезде оған қайта тыңдату керек. Бұл арқылы балалар өз ойын жинақтап, оны толық жеткізуге, сөздерін дұрыстауға тырысады және өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі тыңдауға, қойылған сұрақтарға толық әрі нақты жауап беруге үйренеді. Сөйлеу барысында жіберген қателіктерін қайталамауға дағдыланады.

Диктофон құрылғысы балалар серуенін қызықты етеді. Табиғаттың ғажайып туындыларын, әрбір дыбыстарды естіп, бір-бірінен ажыратып, дауысынан тану үшін оған басып алып, сол аудиожазбаларды қайта тыңдатуға болады. Гаджет құралдарын қолдану балаға гаджеттерді өз бетінше қажетті ақпаратты іздеуге, бақылаулар мен

тәжірибелердің нәтижелерін белгілеуге пайдалануға жәрдемдеседі.

Мр3 плеер ұйымдастырылған оқу қызметінде аса қажет. Балаларға кез келген тақырыпты меңгертуде бұл құралдың көмегі орасан. Себебі мектеп жасына дейінгі балалар белгісіз заттарды бейнелік, яғни көру, сипап сезу және есту арқылы таниды, есте сақтайды. Мектепке дейінгі шақта баланың жоғарыда аталған барлық қабілеттерін дамыту керек. Осы орайда Мр3 плеер құрылғысын қолдануға болады. Мәселен, тіл дамыту ұйымдастырылған оқу қызметінде жан-жануарлардың, құстардың, жәндіктердің дыбыстарын тақырыптарға сәйкес пайдалануға болады. Сондай-ақ қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметінде геометриялық пішіндердің ерекшеліктеріне құрылған өлең-тақпақтарды, ал аудио ертегілерді түскі ұйқы кезінде немесе көркем әдебиет ұйымдастырылған қызметінде қолданған тиімді.

Балалар кейде күнделікті күн тәртібінен, біркелкі өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтерінен жалығады. Сонымен қатар, барлық бағдарламаны меңгеріп біткенде бір бос уақыттар болып қалады. Ал кей балалар түскі уақытта мүлде ұйықтай алмайды (жаңадан топқа қосылаған балалар адаптациядан өте алмай жүргенде, демалыс күндері көп

ұйықтаған себепті дүйсенбі күні түсте көзі ілінбейді) немесе кешке қарай ата-анасы белгілі бір себептермен кеш келіп қалады. Сондайда қарапайым планшеттерді көмекке шақыруға болады. Мұндай гаджет құралдарына балаларға арналған танымдық бағдарламалар мен ойындарды жүктеп қою керек. Ол баланың уақытын тиімді өткізуіне септігін тигізеді. Мысалы, осы «Дана бала» журналында жарияланған психолог мақаласындағы «Девар кидс» (Devarkids) бағдарламасының «Ғажайып әліппе», «Динозаврлар», т.б. бөлімдерін планшеттерге жүктеп, қолданса болады.

Технология сағат сайын дамып жатыр, кей дамушы елдер кейде оған ілесе алмай да келеді. Бірақ балалар бәрін білуге құмар. Біз олардың бұл қызығушылығы мен білуге деген ынта-ықыласын шектемей, кереісінше бұл қабілетін оны танымын кеңейтуге пайдалануымыз қажет. Сондай жаңалықтардың бірі – балаларға арналған түрлі роботтар. Мәселен, 3 жастан жоғары балаларға арналған PUDDING S роботы оларды сөзсіз қызықтырады. «Ол кім?», «Бұл не?» секілді қарапайым сұрақтардан бастап, ауарайы немесе уақыт сияқты күрделі сауалдарға да жауап береді. Ата-аналар маңызды шаруаларымен бос болмай жатқан кезде бұл робот өзінің дыбыстық ойындар мен аудиоертегілері арқылы баланы дамытады. Гаджет қауіпсіз пластикадан жасалған.

Бұдан бөлек балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған 3Д қаламдар

көптеп шығарылуда. Мұндай қаламның ішінде тез кебетін пластиктің экструдері орналасқан. Батырмаға басу арқылы онымен жазықтықта немесе тіпті оның астында қатты заттарды салуға болады. Мұндай қаламмен жұмыс істеу шыдамдылық пен біршама шеберлікті қажет етеді, есесіне нәтижесінде нағыз мүсіндер шығады. Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда олардың қол моторикасын дамытумен тікелей байланысты. Баланың саусақ ұшы жұмыс істесе, оның ақыл-ойы жетіле түседі. Бұл ғылыми түрде дәлелденгені белгілі. Міне, қарапайым қаламды ұстап, онымен тұрақты жұмыс істеуге дағдыландыру үшін осы 3Д қаламдарды қолдануға болады. Мұндай қаламдар балалардың ұсақ қол моторикасын және қағаз бетінде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамытады. Бұл гаджет өнімдері-мектепалды даярлық тобының балаларға әріптерді меңгертуге таптырмайтын құрал.

Білім мен ғылым – егіз ұғым. Аталған екі маңызды саладағы жетістіктер бір-бірін толықтырады әрі дамытады. Солай болуы да керек.

Себебі барлығы да адамзаттың игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстар. Ал бүгінгі балалар – ертеңгі көшбасшылар, еліміздің болашағы. Ал біз балаларды ертеңгі күннің талаптарына сай, заман көшінен қалмайтын, жан-жақты қабілетті етіп тәрбиелеуге тиіспіз. Ал жаңа технология жетістіктерін оқу үдерісінде пайдаланып отыру осы міндеттерді жүйелі орындауға септігін тигізеді.



ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ



ЛУЧШИЙ ОПЫТ



Темирова Бигайша Елтайқызы
Павлодар облысы Екібастұз қаласы
№ 23 «Балауса» мектепке дейінгі
гимназия меңгерушісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ГИМНАЗИЯ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Мектепке дейінгі білім беру – оқыту мен өз білімін жетілдірудің алғашқы баспалдағы. Бала өмірінің бұл кезеңін дұрыс бағалау қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесін дамыту мен жетілдіру еліміздің мемлекеттік саясатының басты бағыты болып саналады. Мектепке дейінгі тәрбие процесін екі негізгі бағытқа бөлуге болады: баланың жеке тұлғалық қасиетін ойын түрінде дамыту және мектепке дайындау. Бірінші пунктке келетін болсақ, мектепке дейінгі жастағы балаға мәдениет негіздерін, сондай-ақ жалпы қабылданған мінез-құлық және қарым-қатынас моделін үйрету өте маңызды, бұл оның бастауыш мектепте одан әрі бейімделуін едәуір жеңілдетеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту арқылы бала өзі және өзінің мүмкіндіктері туралы алғашқы түсінік алады, онда қоршаған ортаның толыққанды көрінісі және оған дұрыс көзқарас қалыптасады. Мектепке дейінгі жастағы баланың зияткерлік, адамгершілік, физикалық, эстетикалық және жеке қасиеттерінің іргетасы қаланады.

Оқыту мен тәрбиелеудің екінші бөлігі - мектепке дайындық 4-5 жасынан басталады, балада қарапайым оқу, жазу, есептеу дағдылары қалыптасқанда, тілдік қарым-қатынас

тәжірибесі дамиды.

«Мектепалды» немесе «0 сынып» деп аталатын бұл Қазақстанның білім беру жүйесінде айтарлықтай жаңа құбылыс, оның өзіне 15 жыл болды. Олардың ашылуы бірқатар себептерге байланысты болды, ең алдымен 90 – шы жылдардың соңында мектепке дейінгі ұйымдардың жаппай жабылуына байланысты. Осының салдарынан балалардың абсолюттік көпшілігі мектепке оқуға психологиялық дайындықсыз, жалпы дамудың қажетті деңгейіне ие бола алмай түсе бастады. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға барлық жағдай жасалған.

Мектепке дейінгі гимназияда мектепке толық дайындық пен гимназиялық сыныптарға кедергісіз түсу даярлығы іске асырылады.

Мектепке дейінгі гимназия жұмысының мақсаты баланы мектеп өміріне, жаңа жетекші қызметке дайындау, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтарын шешу, баланың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту және түзету болып табылады.

Мектепке дейінгі гимназия жұмысының негізгі міндеттері:

- МДҰ-ға қатыспайтын балалар үшін мектептік оқытудың бірыңғай старт мүмкіндігін



қамтамасыз ету;

- Балалардың мектепте оқуға дайындығын қалыптастыру;
- Баланың жеке қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;
- Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- Мектеп оқуына тез бейімделуді қамтамасыз ету;
- Танымдық-сөйлеу қызметін кешенді дамыту.

Мектепке дейінгі гимназия топтарында жұмыс келесі мазмұндық желілерді есепке ала отырып құрылады:

- еркін мінез-құлықты қалыптастыру;
- танымдық қызметтің құралдары мен эталондарын меңгеру жолы;
- эгоцентризмнен басқа адамдар тұрғысынан әлемді көре білуге өту сызығы;
- мотивациялық дайындық;
- психикалық процестерді дамыту: есте сақтау, зейінді, ойлау;
- баланың коммуникативтік қабілеттерін дамыту.

Біздің мектепке дейінгі гимназияда кабинеттік жүйе қолданылады, барлық сабақтар әр түрлі кабинеттерде өтеді.

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі білім беру бойынша стандарттың талаптарына сәйкес келеді және балаларды мектепке

дайындауды қамтамасыз етеді; бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша авторлық әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдар бар

Жұмыс бірізділік және өзара толықтыру принципі бойынша құрылған, бұл педагогқа білім беру процесіне шығармашылықпен қарауға, бір материалда тоқтап қалмауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тұтастығын әр түрлі қызмет түрлерінде бір материалды тұрақты қайталамай, материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Барлық курстарды меңгеру кезінде балалардың диалогтық және монологиялық сөз сөйлеуін дамытуға мүмкіндік береді, бұл балаларды мектепте одан әрі табысты оқыту үшін қажет. Барлық бөлімдер бойынша әдістемелік қамтамасыз ету және балаларға арналған жұмыс дәптерлері баланы тәртіпке келтіреді, оны ұқыптылыққа үйретеді және педагогке өз бетінше түсіндірудің қандай да бір дәрежесімен сабақтарды моделдеуге, сондай-ақ ата-аналардың балалармен жұмысын жіберуге мүмкіндік береді.

Біздің бағдарлама балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған, онда шығармашылық тапсырмаларды шешуге көп көңіл бөлінген. Оқуға деген мотивацияны қалыптастыруға балаға ойын қызметі арқылы жаңа білімді жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін қызықты тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы қол жеткізіледі. Еркін ойын



түрінде өтетін сабақтар баланың шиеленісін шешуге көмектеседі, ал динамикалық өзгерістер бір тапсырмадан екіншісіне назар аударуға мүмкіндік береді. Балалар белгілі бір тапсырманы орындау үшін қажетті, бір жағынан оларды пәнге үйретеді, екінші жағынан оларға шаршауға мүмкіндік бермейді. Балалар тәрбиешіні тыңдап, еңбек етуге дағдылана отырып, мектепке қажетті шыдамдылыққа үйренеді.

Ата-аналар арасында сауалнама жүргізіледі. Ата-аналар гимназия жұмысына риза, мектепке дейінгі балалардың дайындығы балаларда оқуға деген ынтасын тез қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті.

Біздің мектепке дейінгі гимназияны бітіргеннен кейін бала не біледі және істей алады?

Балада бірінші сыныпқа түсу үшін қажетті бастауыш білімнің кең қоры құрылады, сонымен қатар ол:

- сөздердің сөйлемдері мен буындарынан сөз құрастыра алатын болады;
- сөйлеу ағынынан дыбыстарды бөле алады;
- естігенін қайта айта алады;
- қаламды дұрыс ұстауды үйренеді;
- тікелей және кері есепті білетін болады;
- сандарды жинауды, шегеруді және салыстыруды үйренеді;
- логикалық міндеттерді және басқаларды шеше алады.

Ең бастысы, бала құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас орната алады,



коммуникативтік дағдыларды алады және жаңа ұжымда өзін сенімді сезінеді. Біздің мектепке дейінгі гимназия педагогтерінің топтасқан жұмысы бірінші кезекте жеке білім мен іскерлікті дамытуға емес, «мектеп дайындығы» жиынтығын құрайтын барлық негізгі элементтерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл, ең алдымен, мотивациялық, жеке дайындығын дамыту, оған «оқушының ішкі ұстанымы», ерік дайындығы, зияткерлік дайындығы, сондай-ақ көру-моторлы үйлестірудің жеткілікті даму деңгейі, физикалық дайындығы кіреді. Ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесін қамтитын жан-жақты тәрбие ажырамас бөлігі болып табылады.

Мектепке дейінгі гимназияда жұмыс істейтін біздің педагогтеріміз мектепте оқуға дайындық ұғымына баланың оқу міндеттерінің мағынасын түсінуді, олардың практикалық әрекеттерден айырмашылығы, іс-әрекетті орындау тәсілдерін ұғынуы, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдылары, ерік қасиеттерін дамыту, қойылған міндеттерді шешуге қол жеткізу, бақылау, тыңдау, есте сақтау қабілеті кіреді. Көптеген жылдар бойы жұмыс тәжірибесі мектепке дейінгі балалардың осындай дайындығы отбасының мүдделері мен сұраныстарына, тәрбиеші мен мектептің мүдделеріне, ең бастысы – баланың мүдделеріне жауап беретінін көрсетті. Мектепке дейінгі гимназиядағы дұрыс ұйымдастырылған жұмыс – балалардың мектепте табысты білім алуының кепілі.

*Бектаева Әмина Амантайқызы*

№ 52 «Еркетай» балабақшасының меңгерушісі
Астана қаласы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА БАЙҚАУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мектепке дейінгі ұйым – балаларға үлкен жауапкершілікпен және тың шығармашылықпен тәрбиелік беруді талап ететін маңызды қоғамдық орта. Ал осындай ортадағы қызметкерлер әрдайым ізденісте болуы керек, сондай-ақ өзін жан-жақты дамытып отыруы қажет. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері, соның ішінде педагог-мамандар мен тәрбиешілер физикалық және психологиялық күш-жігерді қажет ететін күнделікті жұмыстарын үнемі бір бағытта қайталай беруден сақтанып, жұмыстарына жаңалықтар енгізіп, ізденуіне себепкер болатын байқаулар мен педагогикалық жарыстарға қатысып отыруы керек.

Байқау – шығармашылық бағытта еңбек ететін кез келген адамға шабыт сыйлайтын, алдағы жұмысына ынталандыратын шара. Педагогикалық қызметкерлер арасындағы ең белгілі байқаудың бірі – «Жыл педагогы». Аталған байқаудың тарихы тереңде жатыр. Бізге Америка тәжірибесінен келген байқау алғаш рет 1952 жылы ұйымдастырылған. Америкада бұл ұлттық сыйлық, байқаудың өзі

де «Жылдың ұлттық педагогы» деп аталады. Байқау деңгейі мен осы сыйлықтың беделі ұлттық наградалармен тең тұрады. Соның бір айғағы – байқау жеңімпазының есімі Уикипедия энциклопедиясына енгізіліп, Ақ үйде болып, арнайы сыйлықты Америка президентінің өзі тағайындайтынында. Мәселен, мына жерде «Жылдың ұлттық педагогы» Джасон Камрас сол кездегі Америка президенті Джордж Бушпен кездесіп тұр. Ақ үй, 2005 жыл.



Американдықтар бұл байқауда жеңімпазды өмірбаяны, сұхбаттасу және 8 эссесі бойынша анықтайды. Бұдан бөлек ұйымдастыру комитеті өз бетінше байқауға өтініш берген қатысушының әріптестерінен, оқушыларынан және олардың



ата-аналарынан пікір алады. 50 штаттағы педагогтардың ішінен іріктеледі.

Бүгінде бұл байқау біздің елде де жыл сайын ұйымдастырылады, оған мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері де қатысады. Айта кету керек, осы және өзге байқауларды ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы маңызды орын алады. Биыл да осы орталық «Мектепке дейінгі ұйымның үздік тәрбиешісі» республикалық байқауын өткізуді ұйымдастырып жатқанынын хабарлап, оған барлық облыс, қалалардан үміткер қатысушылар іріктеу үшін дайындықты бастап та кетті.

Педагогтардың қызметіне деген құлшынысы мен өз жұмысына асығып келу үшін жағымды жағдай, ұйымшыл ұжым, көңілді орта қалыптастыру қажет. Бұл әрине ұйымдағы әрбір әріптеске байланысты, дегенмен ұйымдастыра білу, бәрінің басын қосып, бір мақсатқа жұмыс істеуге жетелеу – тікелей басшының міндеті. Осы орайда ұжым болып қатысатын байқаулардың маңызы зор. Мұндайда әрбір ұйым қызметкерінің жанашырлық, қамқорлық, намысты қолдан бермеу үшін талпыныс, жеңіске деген құлшыныс сезімдері оянады.

Осы ретте облыстық, қалалық, аудандық

деңгейде іріктеліп, республикаға жіберілетін, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнын жүзеге асыру жағдайында тәрбиелеу, дамыту, оқыту және тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі бойынша озық тәжірибелерді айқындау және насихаттауды көздеген «Ең үздік мектепке дейінгі ұйым» байқауын ерекше атап өтуге болады.

Педагогтардың шығармашылық қабілетін арттыруда балаларды байқауға дайындау да үлкен рөл атқарады. Тұлпарды тай кезінен танитын бапкерлер болады, кей тәрбиешілер мен мамандардың ішінде де жарыстардан оза шабатын алғыр, дарынды, талантты балаларды бірден біліп, дер кезінде түрлі сайыстарға қосуға, дайындауға бейім келетіндері кездеседі. Оларды әрдайым қолдау керек.

Тәрбиешінің еңбегі тәрбиеленушінің нәтижесінен көрінеді. Балалардың жетістігі – педагог еңбегінің жемісі. Балалар жарысқа құмар келеді, кейін ес біліп қалғанда тартына бастайды, бастауыш сыныптарда тұйықтала түсетіндері болады. Сондықтан бойдағы комплекстерді жеңу үшін мектепке дейінгі кезеңдегі ештеңеден тайсалмайтын, қаймықпайтын қасиеттерін дер кезінде пайдалану қажет. Балаларға арналған



байқаулар өте көп, әр баланы қабілетіне қарай дайындап, бағыт-бағдар беруді ұйым басшысы мамандарға жүктеп отыруы тиіс. Бұл балаларды ғана емес, оларды жетектеп жүрген педагогтарды да жан-жақты дамытады. Байқаулар көп дедік, оны ұйымдастырушылар да жеткілікті. Алайда олардың 80-90 пайызы жекменшік ұйымдар, олар байқауға қатысуға өтініш беру үшін белгілі бір қаражат салуды сұрайды. Осы тұста ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы ұйымдастыратын, ешқандай қаржы талап етпейтін, нағыз балалардың жұмысын көрсетіп, жүзден жүйрігін анықтайтын республикалық деңгейдегі байқаулардан шет қалмауды ұсынамын:

- «Ханталапай» республикалық байқауы;
- «Тәуелсіздік және Елбасы» мәнерлеп оқудан республикалық балалар байқауы;
- «Туған жер – алтын бесігім» театрландырылған қойылымдардың республикалық (сырттай) байқауы;
- «Әрқашан күн сөнбесін!» балалар шығармашылығының республикалық фестивалі;
- «Ұлы дала ұрпақтары» республикалық балалар шығармашылығы фестивалі;
- «Ән шырқайық бәріміз!» балалардың ән айту (сырттай) республикалық байқауы;
- «Менің Отаным – Қазақстан» атты балалардың асфальтқа сурет салу (сырттай)

республикалық байқауы.

Жұмысты жүйелі атқара білу бар да, оны көрсетіп, бөлісе білу бар. Бұл да шығармашылық адамына аса қажетті қасиет. Мектепке дейінгі сала қажырлы еңбек пен табандылықты талап етеді. Осы саланың маңызын арттырып, қоғамдағы беделін көтеру – сол саладағы қызметкерлердің міндеті. Тағы да әрістің басында жүретін басшыға келіп тіреледі, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі қызметкерлерінің еңбегін, жұмысын жарыққа шығарып отыруды өз жоспарына бекіткені абзал. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істейтін кез келген маманда кішкентай жұмыс деген болмайды, көзге көрінбегенімен ондағы қызметкердің әрбір әрекеті асқан жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан басшы қызметкерлерінің кішігірім жетістіктерін көре біліп, оны ата-аналарға, қоғамға, өзге де әріптестеріне жеткізуге бейім болуы керек. Мұндайда бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнатудың тиімділігі зор. Сонымен қатар, онлайн медиа дамыған біздің қоғамда әлеуметтік желілерді сауатты пайдаланудың да маңызы ерекше. Бұдан бөлек педагогтарды өз жұмысын көрсетіп, өзге де әріптестерімен тәжірибе алмасып, идеясымен бөлісу мақсатында сауатты, қызықты етіп мақала жазуға машықтандыру қажет. Ал осындай белсенділікке әдеттенген қызметкерлер түрлі педагогикалық порталдар ұйымдастыратын

«Үздік мақала» байқауларына қатыса алады. Бұл қатарға педагогтар мен мамандардың кәсіби шеберлігін анықтау, тәжірибе жинақтауды көздеген «Современная образовательная среда» олимпиадасы; «Мам.ру» халықаралық білім порталы ұйымдастыратын педагогтар мен мамандарға арналған «Лучший конспект» конкурсы; Красноярск қаласында Халықаралық педагогикалық портал ұйымдастыруымен өткізілетін «Солнечный свет» байқауын жатқызуға болады.

Қызметкерлерін кез келген байқауға дайындайтын өзімдей басшыларға, балаларды жетелейтін педагогтарға немесе өзіне-өзі психологиялық қолдау көрсетуге арналған жаттығулар легін ұсына кеткен жөн. Бұл сөздерді байқауға қатысардың немесе көпшіліктің көзінше баяндама жасар алдында және соңында айту қажет:

-Бүгін менде керемет күн! Ғажап мүмкіндік! Кез келген адамға қуаныш сыйлай аламын!

-Мен қажетті және жақсы істерді атқарамын. Өмірде өз істерім бар, оны менен басқа ешкім істемейді.

-Менен көмек сұрап келген барлық адамға қолымнан келгенше көмектесемін. Әрі маған кездескен адамдардың бәрі де маған дәл солай көмектеседі.

-Мен өзіме және күшіме сенемін!

-Мен кез келген өзгеріске дайынмын, сынып

кетпеуге дайынмын!

-Әр сәтті өзімді дамытуға пайдаланамын!

-Менің күшім мен мүмкіндіктерім күн сайын арта түседі.

-Мен өзімнен, өзгелерден және әлемнен үйренемін.

-Кез келген тәжірибе өзімді дамытуға пайдасын тигізеді.

-Менің жұмысым тұлғалық қабілеттерімді дамытуға көмектеседі.

Міне, бұл сөздерді қалағаныңызша өзгертуге, өзіңіз ойлап табуға, бұл тек мысал ғана. Бастысы бұл сөздер шығармашылықтағы сенімділігіңізді арттыруы керек.

Байқау – адамның шығармашылық қабілетін ғана емес, тұлғалық ерекшелігін айқындап, жан-жақты шындайтын нағыз тартысты алаң. Байқаулардың барлығында «Мақсат – жеңуден бұрын байқауға қатысу» дейтін бір жақсы сөз бар. Әрине жарыста жеңіске жету кез келген қатысушыға ұнайды, алайда байқауда бақ сынау, өз қабілет қарымынды байқап көру – ең маңыздысы. Өйткені бұл қатысушыны болашақ істерін тиімді жоспарлауға, алға мақсат қоюға, міндеттерді нақтылауға жәрдемдеседі. Мұндай шаралар педагогтардың шығармашылығын шындап, жұмысқа деген құлшынысын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін түрлі бағыттағы (кәсіби, шығармашылық, ұжымдық) және түрлі деңгейдегі (облыстық, аудандық, қалалық, халықаралық) байқауларға тұрақты түрде қатысуын қолға алған абзал.





Джасаксылыкова Айгүл Кенескановна

№ 66 «Толағай» балабақшасының тәрбиешісі

БАЛАБАҚШАДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Кәзіргі кезде республикамызда «Халыққа білім беру жүйесіндегі экологиялық тәрбие мен оқыту» мәселесін шешуде жас ұрпаққа, көпшілікке үздіксіз экологиялық тәрбие беру тұжырымдамасына көп көңіл бөлініп келеді. Бұл мәселені шешу үшін балалық шақтың, әсіресе мектепке дейінгі балалар үшін экологиялық тәрбиенің мәні өте зор.

2017 жылдан бастап біздің балабақша экология тақырыбын жоба ретінде алғаннан кейін балаларға экологияның пайдасын көрсетудің әдіс-тәсілдері қолға алынып, экология жөнінде тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Табиғат-ана адамзатты осыншама байлықпен қамтамасыз етіп отырғанда, адамзат та өз тарапынан оған қамқор болуы парыз. Көп-көсір табиғат байлығын үстемелеп молайтып, ұқыптап пайдалану, көзінің қарашығындай сақтау, жанашырлықпен қорғау – әр адамның міндеті.

Кез-келген бала табиғатынан – зерттеуші, ал эксперимент жасау – балалар үшін ең маңызды іс-әрекеттердің бірі, ол мектепке дейінгі бала дамуында үлкен рөл атқарады. Бала алғашқы

жастарынан-ақ өзі түсінбестен жарқын, тартамды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі балада рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Әрбір бақылау, әрбір тәжірибе күнделікті өмірмен байланысты, соның көмегімен балалар өздерін қоршаған ортаны зерттеуді үйренеді.

Зерттеу жүргізу балаға себеп-салдарлы байланысты анықтауға мүмкіндік береді, құбылыстардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін ұғынуға көмектеседі. Өзінің тікелей бақылауы негізінде ол ойын қорытып, қорытынды жасайды: өсімдікке су құйылмаса ол қурап қалады; күзде өсімдіктер жеміс және тұқым береді, көктемде олардан жаңа өсімдіктер өсіруге болады.

Жобалау әдісі – өзекті және тиімді әдіс. Ол балаға эксперимент жасауға, алған білімдерін жинақтай білуге мүмкіндік береді. Сондықтан мен өзімнің тәжірибе жұмысымда «Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде жобалау әдісін пайдалану» тақырыбында бірнеше жобалау жұмыстарын жүргіздім.

Жобалау әдісі – инновациялық



педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы болып табылады. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы.

Жоба технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі. Жоба – баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процесстер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс.

Жобаны жүргізу барысында қыс мезгілінде топтарда терезе жақтауларына көкөністер өсіруге қолайлы жағдай жасалды. Көкөністердің өсуіне күн, жылу, ылғал ең маңызды рөл атқаратыны түсіндірілді.

Балалардың бойында табиғат туралы шынайы түсініктерді қалыптастырып, қоршаған әлемге қызығушылығын арттыру көзделді.

Өз бетінше зерттеулер және ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өз еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу.

Жоба жұмысының сапасы білімді қабылдауға байланысты, сондықтан жоба жұмысы келесі

- жеткіліктілік ұстанымы;
- жеке бағыттағы ұстанымы;
- көрнекілік ұстанымы;
- теорияның іс-тәжірибемен байланысты ұстанымы;

- ізденушілік ұстанымы;

- мәселелік ұстанымы.

Балалармен жұмыс істеудің негізгі бағыттары:

- ұйымдастырылған оқу қызмет түрі;
- үлкендермен балалардың біріккен іс-әрекеті;
- балалардың өз бетінше іс-әрекеті;
- бақылау.

Жоба тақырыбы бойынша жүргізілген жұмыстардың тұсаукесері міндетті түрде әртүрлі әдістемелік тәсілдер арқылы өткізілетіндіктен ата-аналармен бірлесе отырып, осы әдістемелік тәсілдерге жүгініп, жоба жұмыстарымың қортындысын балалар және ата-аналармен іс-шаралар, көрме, ойын-сауық, викторина түрінде жүргіземін. Балалар жобаның соңында осындай атқарған еңбектерімен, білімдерімен қызыға бөлісіп, білімдерін көрсете біледі.

Оқу-тәрбие процесінде тәжірибеден өткен бір жоба үлгісін осы орайда ұсынғанды жөн көрдім. Балалар әрдайым су мен судың түрлі қасиеттері туралы білгенді қызық көреді. Сондықтан осы ынтасы мен қызығушылығын пайдаланып, судың құмды қалай тегістейтінін көрсетуді жоба жұмысына енгіздім. Мұны төмендегі



әрекет бойынша жүзеге асырамыз: тегіс үстел үстіне су құйылған ыдысты қояды. Құмды сәл жібітіп тақтайша үстінде оған әртүрлі із салу үйретіледі. Тақтайша шетіне суды тамшылатып құю керек. Балалар судың ізді шайып кетіп, іздердің жоғалып кеткенін байқайды. Құм суда оңай қозғалады, сонымен қатар құм суға тез араласуға ыңғайлы орналасқан. Балалар осы тәжірибе барысында «Су құмды неге тегістейді?» деген сұраққа жауап табады. Мұндай жобалық жұмыстарды құм, өсімдік, ауа райы, т.б. қасиеттеріне қарай түрлендіре беруге болады.

«Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде жобалау әдісін пайдалану» тақырыбы бойынша балалардың табиғат құбылыстары туралы білімдері тереңдетіледі. Табиғатқа деген қамқорлығы, сүйіспеншілігі қалыптасады. Үлкендердің еңбегін бағалап, қадірлей білуге талпынып, өз ойларын еркін, қысылмай, ортаға салып бөлісу мүмкіндігі туады. Баланың табиғатқа деген жауапкершілік қарым-қарым қатынасы артып, іс-әрекет түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Жобалар әртүрлі белгілеріне қарап бөлінеді. Ең елеулісі іс-әрекеттің басымдық түрі саналады. Мектепке дейінгі білім беруде жобалардың мына түрлерін пайдалануға болады.

Жобаға қатысушылар құрамы топ, шағын топ, жеке, отбасы, жұп болуы мүмкін. Жобаның ұзақтығы қысқа мерзімді – 1, 2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта, орта мерзімді 1-3 ай, ұзақ – бір жылға дейін. Тәжірибеде мектепке дейінгі білім беруде жобаның орындалуы

мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына байланысты болады. Әсіресе берілген жобаға деген қызығушылық пен ықыластың тұрақтылығы. Балабақшада жобалау әдісін қолдану өте тиімді.

I кезең – дайындық кезеңі: Балалармен топта балабақшаның терезе жақтауларында жүйектер отырғызу, көкөніс дәндеріне тәжірибелер жасау жкмыстарын жүргізу. Тандалған тақырыпқа сай мақалдар, жаңылтпаштар, көкөністер туралы өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, т.б. көркем әдебиет үлгілерін таңдай отыра, бақша ойындары жайлы картотекалар, дидактикалық ойындар құрастыру.

II кезең – зерттеу жұмыстары: Балалар көкөністердің өсіп-өнуін бақылап, зерттеулер мен тәжірибелер жасайды. Өсімдіктер туралы түсініктері қалыптасады. Көкөністер тақырыбында иллюстрацияларды, суреттерді қарап, тақырыптық оқу қызметінде дидактикалық ойындар ойнайды, әңгімелер айтады.

III кезең:

Балалардың зерттеу барысында пайда болған іс-әрекеттерінің нәтижесі қорытындыланып, нәтижеге талдау жасалынады.

Жобалау әдісі – мектеп жасына дейінгі балалардың ұстап көрсем, білсем деген құштарлығын қанағаттандырып, алғашқы білім-білік дағдыларын, өз ісіне деген жауапкершілігін қалыптастырады.

